

## КІТАП. ЭДЕМІ ӘМІР.

Иә, бұл мақала айтпаса да түсінкіті шығар. Қазіргі таңда кітап оқытын жастандардың көбейгені адамды қуантады. Бұған оқу орындарының да қосып жатқан улесі аз емес.

Қазақ Ұлттық университеттегі студенттерінің оқуға тиісті 100 кітабы аясында жазылмақ. Яғни, көкейге түйгөн ойлар жайында.

Бұл таңда жалпы адам баласының елге деген патриоттық сезімі бірінде бар болса, енді бірінде жоқтын қасы. Міне, бұл шығарма осы бір келеңсіздікті жоюға септігін тигизетін шығармалардың бірі әрі бірегейі деп білемін. Шығарманы оқу барысында шүкіршілік, елге деген құрмет, патриоттық сезім бұрынғыдан да арта түскендей болды. Атымтайдың адап жүргегі, махаббаты, Заманайдың әкеге деген сағынышы, Аманайдың ерлігі, елге деген сүйіспеншілігі кімді де болса ойландырапары анық. Шығарма желісін оқу барысында жазушының Атымтайдың суреттеген жерлері, яғни, оның батырылығын, батыл қадамын, Отанға деген ададлығын оқығанда қазақ ері, міне, осылай болуы керек деп топшылайсың. Әрине, ол әрбірінің қолынан келсе.

Әрине, Балқия да адап, батыл қыздардың бірі. Бірақ, қыңыр мінезінен осындаі көптеген келеңсіздіктерге ұшыраған бақытсыз әйел. Тіпті, оқуды қызылмен, Гүлбарша екеуі бітіргенімен, Балқия Атымтайдың айтқанына көнбей, елін алып қашып кетеді. Ал, Гүлбарша өз мақсаты жолында күресіп, соңында үлкен отбасын құрып, жұмысында жемісті табыстарға кенеледі. Бұны газет беттерінен оқыған Балқия іштей қызғанышпен күрсінпін қана қояды. Әмірде көп қателескен Балқия бақыт дәмін адап жарына да, туған ұлына да, тіпті, өзіне де сезірмей әмірден озады. Соңында әкінгенімен, әрине, ол үақыт кеш еді. Шығарма соңы Аманайдың тауға ойланған қарап тұрған жерінен аяқталады. Оның одан кейінгі тағдыры қалай болмақ. Ол оқырманға беймәлім, мүмкін, әркім өзі топшылар.

Мен кітапты аяқтай келе, сол соңын байлайша қиялдан аяқтаған болдым: бала Аманай өз еліне оралады. Оndaғы Атымтайдың қартайған жолдастары, олардың ұлдары, немерелері Аманайға қол ұшын беріп, Аманай үлкен азamat болады. Аңсаған арманына жетіп, әкесінің жолын құған адап азamat болып өседі. Анасы Әлиманы өз қолына алып, адап жар алып, үлкен отбасын құрып бәрі бірге баянды да бақытты ғұмыр кешеді. Әрине, бұл мендегі қиял. Менің түйгөнім әмірде жақсы ойлай білу керек және жақсылыққа ұмтылу керек, сонда ғана саған сәттілік серік болады. Дұрысы ұақытында сабырлы болып, өз-өзінді ұстай біліп, мақсатына жету жолында күресу, Отаныңа адап қызмет көрсету. Міне, бұл кітап маған осыны үрретті, құрметті оқырман!

Нурмухаметова Майгуль

## АНАНЫҢ КӨҢІЛІ БАЛАДА

Ана. Балага дәл солай махаббатын берер адам бар ма, шіркін, бұл әмірде? Кандай болсаң да қабылдайтын, қалай қарасаң да махаббаты еш сұымайтын асыл жандар, ол аналар емес не?! Бүгін дәл осы тақырыпқа кезекті мысалды ұсынбақын. Бұл жайлы өзгелер айтқанымен, бұның да берері көп. Сол үшін мүкіят оқып, көңілге тоқып.

Әңгімеміз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттің тұлегі актриса, тележүргізуши, журналист, аяулы ана Салтанат Қалиева жайлы болмақ. Осы тұрғыда мен Салтанат Қалиевамен бір кездесудегі сұхбатымды тілге тиек еткім келіп отыр. Салтанат ханыммен кездесу барысында әрбір студент әмірге қажетті, өзіне көректі мөлімет алды деп білемін. Кездесуде бұл кісінің әмірден алған сабактары, өзіндік мақсаттары айттылды және журналистика саласының нағыз маманы болу үшін басты қағида жайында біраз студенттермен өз сырын болісті. Бұл салага басында қалай келді, немен бастады және қалай жоғарғы дәрежеге көтерілді, міне, осы жайында кездесу барысының басында баяндалды. Одан әрі іс-шара студенттермен пікірталас түрінде өз жалғасын таітты. Бірі өзінің көкейінде жүрген сұрақтарын Салтанат ханымға қойса, енді бірі өздерінің ыстық лебіздерін білдіріп жатты. Әрине, көбінің көкейінде «Сіз жұмысыңыз бен отбасылық әмірді қалай бірге алып жүре алдыңыз?» деген сұрақ туындаған болатын. Ол сұрақты Салтанат ханым дәл билай қысқаша қайырды. «Әйел адамның бақыты – ол ана болу, бала тәрбиелеу, бақытты отбасын куру. Міне, осында үстанныммен мен балаларымды дүниеге алып келдім. Әрбір балам ол менің қуатым. Осында дәрежеге жетуім, өзімді-өзім қуаттандырып өсуім бірден-бір себепкер, міне, осы періштеслерім». Әмірден түйгөні адам журналист болу үшін, ол міндетті тұрде ол факультетті бітіру емес, ен бастысы сезінде көркемдік, әсемдік және соны жаза білетін шеберлік болса жеткілікті деген ойға келгенін айтты. Сонымен қатар Салтанат ханым қазіргі таңда «Ана бол» атты сайт ашып, өзінің тәжірибелерін өзгелермен бөлісіп жатқан жайы бар. Бір сезінде «Қазіргі таңда мен бірнеше әйел адамдарды білемін, үлкен жетістіктері бар, бірақ өздерін бақытты деп есептемейді, себебі олар ен басты бақыт ана болу бақыттын сезінбеген. Соган қатысты айттар ақылым, дүниеге сәби алып келу керек және сол үшін қызмет те жасау керек. Сонда ғана сен өзінді және отбасынды бақытқа бөлей аласың», – деді. Бойынан қарапайымдылықтың ісің аңқып тұратын тұлғамыздан аларымыз мол, әрине.

Студенттер қауымы, соның ішінде әсіресе қыз балалар үшін бұл кездесудің орны болғаны сөзсіз. Әрбір адам кездесуден үлкен әсер алғаны анық. Сан қырлы Салтанат ханымның бойынан алған қасиет өте көп. Кездесуден түйгөніміз, әмірде ен бастысы дұрыс мақсат қоя білу және сол жолда күресу ғана емес, сонымен қатар отбасылық әмірді бірге алып жүре білсөн ғана сен толыққанды бақытты адам бола аласың.

Алиева Ф.Б., Теміралиев А.Т.

## АДАМ ҮРПАҒЫМЕН МЫҢ ЖАСАЙДЫ

«Адам үрпағымен мың жасайды», осы ұлагатты сөздің астарында қаншама терен сыр жатқанын шын жүрекпен сезіне аламыз ба? Біріміз түсінсек, біріміз түсінбейтін болармыз. Ал бүгін дәл осы тақырыбы ашып көрейік. Саған берілген үйдегі тәрбие, орта, қоғам сені белгілі бір жетістіккегетері анық. Егер барлығы өз кезегінде ретімен беріліп, өзін оны ары қарай алып кетер болса, сенен өз саланда үлкен бір маман, тұлға шығары анық. Ол тек маман иесі ғана емес, тәрбие жағынан да, өнеге жағынан да, парасат жағынан да үштасар анық. Міне, осылай өз атаңың, әкенінің атын осылай шығарып, «Адам үрпағымен мың жасайды» деген әдемі нақыл сөздің дәлелі болатының хақ.

Осы орайда мен, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ұстазы ретінде және өз шәкірттіммен біріге, білім жоніндегі ойымды ортага салсам дейімін. Бүгінгі күннің үрпағы ертеңгі жарқын болашаққа жол салушылар емес не? Ал олардың салған жолдарының жарқын болуына кепілдік бере аламыз ба? Міне, осында сипаттағы сан алуан саулалдар кімді де болса, ойландырмай қоймас. Осындағы сини түрғыдағы саулалар төнірекінде ойлану, оған жауап беруде іске асқан жұмыстардың астарынан дәлел ізден тапқандаймын. Үрпағымыз саналы тәртіп пен сапалы білім неғіздерімен қаруланған кезде ғана еркін тыныс алармыз. Менің басты мақсатым: мектеп әмірінде қайткен күнде бүгінгі күн талабын қанағаттандыратында бетбұрыс жасауға бағыт беру. Мектептегі әріптестерімнің жаңа бағыттарға дұрыс жасаған іс-әрекеттері менің ойымды алысқа жетелеп, киял әлемінен енгізіп жібергендей. Әсіреке мектеп-

Бидайбекова М.Е., Юшков А.В.

## ТӘРБИЕ. БІЛІМ. НӘТИЖЕ.

Білім жайлы айтылар әңгіме көп. Енді сол білімді кім қайда жаратады? Бірінің пайдасы, бірінің зияны тио өміркін бе? Әрине, бұл тұста, адамдық қасиеттердің үлкен рөл атқарып анық. Сол үшін де, қоғамға пайда алып келетін адам бола білу маңызды.

«Адамға ен бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – депті әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешүге қолы жеткен халқымызға үлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сую – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптастып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтың құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтық тәрбиелеудегі өлең-жырлар, мақал-мәтепдердің әсері үтімды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айттып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде тұрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

1. Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.
2. Ұлттық нысандары – Елтаңба, Ту, Әнұран.
3. Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.
4. Қазақ зиялышарының өнегелі іс - әрекеттері мен сөздері.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттіңде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай тегіп жатқан, ол біздің үстаздар еді. Жүрекімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. Бізге әр семестр сайын әр кафедраның үстаздары бір-бір сабактан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Мұхатай М.А., Дьячков В.В.